

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Қағидалардың 166-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының және (немесе) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен Жеткізушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуге жол берілмейді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ____ тиынды (____ теңге ____ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге ____ тиын (____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, <және _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші

Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші тоқсан сайын Шарттың осы тармағында көзделген тоқсандағы көрсетілетін қызметтер құнының мөлшерінде Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің банктік шотына тиісті тоқсан үшін орындалған қызметтер актісіне (бұдан әрі-Акт) Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған және Жеткізуші шот-фактураны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тең сомалармен ақша аудару жолымен жүзеге асырады.

Тоқсанда көрсетілген қызмет үшін төлем мөлшері ҚҚС сомасын қосқанда/қоспағанда _____ (_____) теңге 00 тиынды құрайды.

Тоқсан сайынғы төлемнің жалпы сомасы көрсетілетін қызмет көлеміне байланысты азаюы мүмкін.

Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Акт пен шот-фактураны тоқсан сайын Қызмет көрсетілген тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 10-шы күнінен кешіктірмей, ал 4-тоқсанның қорытындысы бойынша 2025 жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынады.

Тапсырыс берушінің 2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша Қызметтер үшін төлемді төлеуі, Жеткізушіні Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін онда көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін

пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі күнтізбелік 10 (он) күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Сатып алу туралы шартқа:

- 1) Сатып алынатын Қызметтер көлеміне қажеттіліктің ұлғаюына байланысты емес сатып алу туралы шарт сомасының ұлғаюы;
- 2) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын орган бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленетін жағдайларды, сондай-ақ ішкі кооперация бойынша жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасын қоспағанда көрсетілетін Қызметтер бағасының өзгеруі бөлігінде ішінара өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

2.12. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Тараптар Шартты бұзған күннен бастап банктік 15 (он бес) күн ішінде Шартты бұзған күннің алдындағы күні нақты көрсетілген Қызметтер үшін өзара есеп айырысуды жүргізеді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін тиісті шарттарды ұсына отырып, Қызмет көрсету үшін Жеткізушінің мамандарына Тапсырыс берушінің объектісіндегі кіруді бақылау және басқару жүйесіне (бұдан әрі – Жабдық) тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде

тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.

7) Жеткізуші көрсететін Қызметтердің сапасы мен толықтығына бақылауды жүзеге асыру;

8) Қызметтерді тиісінше орындамау нәтижесінде Жеткізушінің келтірген залалын өтеуді талап етуге;

9) Жеткізушінің кінәсінен Жабдық сынған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, оны Жеткізушінің есебінен жоюды (жөндеуді) талап етуге;

10) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігін және оны қорғауды қамтамасыз ету заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап етуге **құқылы**.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды

ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.

11) Жабдықты дайындаушы зауыттың талаптарын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және техникалық регламенттер талаптарын басшылыққа алуға және Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде беруге;

12) Жабдық бұзылған кезде және оның бұзылуына Жеткізуші кінәлі болмаса, Тапсырыс берушіден жазбаша өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде Жабдықты өтеусіз негізде тексеріп, ақау актісін ресімдеуге;

13) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өзі көтеруге;

14) өртке қарсы қауіпсіздік шараларын, қауіпсіздік техникасын, экологиялық талаптарды, санитарлық нормалар мен режимдік талаптарды сақтауға, сондай-ақ Қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлкіне (үй-жайларының ішкі әрлеуіне) ұқыптылықпен қарауға, Тапсырыс берушіге залал келтірген жағдайда толық жауапты болуға;

15) Жеткізушінің кінәсінен болған Жабдықтың бұзылған бөлшегін Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде жоюға (жөндеу жүргізуге);

16) Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған кезде өз қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауаптылықта болу;

17) Қызметтерді көрсету кезінде мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін көтеруге;

18) №3 қосымшаға сәйкес:

- жабдық істен шыққан жағдайда – жұмыс уақытында, жұмыстан тыс уақытта, мереке және демалыс күндері 4 сағат ішінде осыған орай Тапсырыс берушінің өтініміне әрекет етуді және ақауларды (оның ішінде жасырын) жедел жоюды 24 сағаттан кешіктірмеуге;
- жүйенің кенеттен істен шығуы кезінде жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге;
- төтенше жағдай туындаған кезде Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге;
- шарттың қолданылу кезеңі ішінде кіруді бақылау және басқару жүйесінің техникалық жарамдылығын және жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;
- тоқсан сайын профилактикалық жұмыстар жүргізуге, оның ішінде, ақаулар, бұзылуы,

механикалық зақымданулардың болуына және жұмысқа қабілеттілігі үшін кіруді бақылау және басқару жүйесінің барлық компоненттерін сыртқы тексеру, кіруді бақылау және басқару жүйесінің жұмысына түрлі кедергі келтіретін сыртқы факторларды анықтау, бүкіл жүйенің жұмысқа қабілеттілігін тексеру (жүйенің жұмысы әртүрлі режимдерде тексеріледі, жүйенің барлық элементтерінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру), алдын алу жұмыстарын жүргізу, алдын алу жұмыстары барлық түйіндер мен элементтерді жұмыс күйінде ұстауды қамтиды, құрылғылардың сыртқы беттерін тазалау, жүйенің жылжымалы элементтерін майлау, тізбектің жыртылған және жалаңаш бөліктерін дәнекерлеу және оқшаулау, бөлшектерді ауыстыру және т.б.;

19) Қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге кіруді бақылау және басқару жүйесіне техникалық ахуалы бойынша негізделген жазбаша ұсыныстар ұсыну (ауыстыруға жататын қосалқы бөлшектер, тораптардың және тетіктердің тізбесі);

20) Жеткізуші Қызметтердің толығымен Шарт талаптарына сәйкес келуіне кепілдік береді;

21) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін барлық қажетті рұқсат құжаттарының (лицензиялар, сертификаттар және т.б.) болуына кепілдік береді. Егер шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін лицензия немесе басқа рұқсат беру құжаты қажет болса, онда Тапсырыс беруші талап етуге құқылы, ал Жеткізуші сұрау салынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы құжаттың көшірмесін ұсынуға міндеттенеді;

22) Шарт талаптарын орындау үшін қажетті өзге де міндеттерді орындауға;

23) Қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының, өрт қауіпсіздігі ережелерінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасының, Тапсырыс берушінің аумағында және ғимаратында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі 2025 жылғы 1 қаңтар және 31 желтоқсан аралығы.

4.2. Қызметтер көрсету орны: М15А6Р2, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Бейбітшілік даңғылы 10/3 (бұдан әрі – Объект).

4.3. Жеткізуші 2025 жыл ішінде жұмыс және демалыс күндері тәулік бойы Қызмет көрсетеді.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес Қызмет көрсетеді (Шартқа № 2-қосымша).

5.2. Жеткізуші Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша тоқсан сайын Тапсырыс берушіге қол қою үшін Актіні жібереді.

5.3. Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірлесе отырып, көрсетілген Қызметтердің сапасын, көлемінің толықтығын және уақтылы көрсетілгенін, сондай-ақ олардың техникалық ерекше нұсқамаға (Шартқа №2-қосымша) және Шарт талаптарына сәйкестігін тексереді. Көрсетілген Қызметте ақаулар болмаған жағдайда Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.4. Көрсетілген қызметте ақаулар болған жағдайда Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

5.5. Қызмет Тараптардың уәкілетті тұлғалары актіге қол қойған күннен бастап тиісінше көрсетілген болып есептеледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың Жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте

бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді <Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады> (алдын ала төлем бар болғанда).

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Көрсетілген қызметтердің оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде ақауларды жоюдан бас тартқан жағдайда, онда Жеткізуші ақаумен көрсетілген Қызметтердің құнын қайтаруға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге ақаумен орындалған Қызмет құнының 3% (үш пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

6.10. Егер Жеткізушінің айыбынсыз (Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы) Тапсырыс беруші Шартты бұзудың бастамашысы болса, онда Жеткізуші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

6.11. Шарттың 3.3-тармағының 4), 15), 18) тармақшасында көзделген міндеттемелер уақтылы орындалмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге кідірістің әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.12. Шарттың 3.3-тармағының 13) тармақшасында көзделген міндеттемелер тиісінше орындалмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.13. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің мүлкіне залал келтірілген жағдайда Жеткізуші келтірілген залалды толық көлемде өтейді.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына :

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір

құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

